Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 31
желтоқсандағы
№ 1060 қаулысымен
бекітілген

# "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру қағидалары (бұдан әрі – Мемлекеттік гранттар беру қағидалары) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес әзірленді және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар берудің шарттары мен тетігін айқындайды.

2. Мемлекеттік гранттар беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) "Экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлерді/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін салалық қолдау" екінші бағыты шеңберінде жүзеге асырылады.

3. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар Бағдарламаға 2-қосымша сәйкес экономиканың басым секторларында шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өтеусіз негізде беріледі.

4. Мемлекеттік гранттарды мемлекет Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі арқылы мемлекеттік гранттар беруге шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін іріктеу бойынша өткізілетін конкурстардың қорытындылары бойынша береді. Бұл ретте мемлекеттік грантты алуға арналған конкурсқа қатысу үшін Бағдарлама шеңберінде оқыту құрамдауыштары сертификатының болуы міндетті талап болып табылады.

5. Гранттар нысанында қолдау шараларын қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Мемлекеттік гранттарды беру мақсатында уәкілетті орган республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне аударады.

6. Бағдарламаны іске асыру мақсатында бөлінетін қаражаттың кемінде 20 %-ы халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беруге бағытталады.

6-1. Субсидиялаудың ақпараттық жүйесін пайдалану жөніндегі шарттар мен талаптар Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі мен көрсетілетін қызметтерді жеткізуші арасында тиісті шарт жасалғаннан кейін туындаған қатынастарға қолданылады.

Ескерту. 1-тарау 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

6-2. Осы Мемлекеттік гранттар беру қағидалары күшіне енген күні қолданыста болған және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркелген грант беру туралы шарттар қаржыландыруға жатады. Грант беру туралы қағаз шарттарды электрондық форматқа аударуды және оларды субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеуді Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі мен көрсетілетін қызметтерді жеткізуші осы Қағидалар күшіне енген күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тарау 6-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

7. Қаржы агенттігінің көрсетілетін қызметтеріне уәкілетті орган республикалық бюджет қаражаты есебінен ақы төлейді.

**2-тарау. Терминдер мен анықтамалар**

8. Осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларында мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – "электрондық үкімет" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасау, өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді мемлекеттік қолдауды ұсыну шарттарына сәйкестігіне автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, мемлекеттік қолдау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдық-ретке келтірілген жиынтығы;

2) халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары – "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабында айқындалған азаматтардың санаттары;

3) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі – облыс (астана, республикалық маңызы бар қалалар) деңгейінде Бағдарламаны іске асыруға жауапты, облыстың

(астананың, республикалық маңызы бар қалалардың) әкімі айқындайтын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

4) бизнес-жоба – кәсіпкердің жоспары, ол өз бизнесіңді құру (тауарлар шығару, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) мүмкіндігін ашады, сипаттамалар, есептемелер, болжамдар нысанында орындалады, сондай-ақ ұсынылатын мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10 %-ы деңгейінде кәсіпкердің өз қаражатынан (ақшалай қаражатынан, бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы/жылжымайтын мүлкінен) қоса қаржыландыруды және жаңа жұмыс орындарын құруды, жобаны іске асырудың мерзімдерін қамтиды;

5) жаңа бизнес-идея – осындай жобаларды іске асыру кезінде бұрын қолданылмаған материалдарды, технологиялар мен әдістерді қолдана отырып тауарлар шығаруды, қызметтер көрсетуді, жұмыстарды орындауды көздейтін нақты жобаны іске асыруға бағытталған кәсіпкерлік бастама (конкурс өткізу кезінде нақты елді мекенде немесе ауылдық округте іске асырылмайтын тауарлар шығаруды, қызметтер көрсетуді, жұмыстарды орындауды көздейтін жобалар да жаңа бизнес-идеяларға жатады);

6) кәсіпкер – шағын кәсіпкерлік субъектісі, оның ішінде ісін жаңа бастаған жас кәсіпкер, ісін жаңа бастаған кәсіпкер;

7) кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) – айрықша құқықтар кешенінің құқық иеленушісі осы кешенді басқа тұлғаға өтеулі негізде пайдалануға беретін кәсіпкерлік қызмет;

8) конкурстық комиссия – жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер, ғылыми-білім беру мекемелері өкілдерінің, салалық сарапшылардың, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен құрылатын, құрамында кемінде 10 (он) адам бар алқалық-кеңесші орган (жергілікті атқарушы органдардың өкілі Конкурстық комиссияның төрағасы бола алмайды);

9) қаржы агенттігі – "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы;

10) өтінім – осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларының талаптарына сәйкес қажетті құжаттар қоса берілген қағаз немесе электрондық нысандағы өтініш;

11) уәкілетті орган – кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган;

12) грант беру туралы шарт – кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі, қаржы агенттігі және шағын кәсіпкерлік субъектісі арасында субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталында (бұдан әрі – веб-портал) электрондық түрде жасалатын

үшжақты келісім, оның талаптары бойынша кәсіпкерге жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға нысаналы грант беріледі;

13) ісін жаңа бастаған кәсіпкер – Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне мемлекеттік грант алу үшін жүгінген кезде дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген мерзіміне 3 (үш) жыл толмаған кәсіпкер (жұмыс істеп жатқан үлестес кәсіпкердің ағымдағы қызметінен өзгеше жаңа қызмет түрін құру шартымен ісін жаңа бастаған кәсіпкердің жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлермен үлестес болуына жол беріледі);

14) ісін жаңа бастаған жас кәсіпкер – Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне мемлекеттік грант алу үшін жүгінген кезде дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген мерзіміне үш жыл толмаған, жасы 29-ға (қоса алғанда) дейінгі кәсіпкер (ісін жаңа бастаған дара кәсіпкердің жасы оның Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне өтініш жасаған күнге айқындалады, жұмыс істеп жатқан үлестес кәсіпкердің ағымдағы қызметінен өзгеше жаңа қызмет түрін құру шартымен ісін жаңа бастаған жас кәсіпкердің жұмыс істеп жатқан жеке кәсіпкерлермен үлестес болуына жол беріледі);

15) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен;

16) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен;

17) транш беруге арналған өтінім – мемлекеттік грантты немесе оның бір бөлігін кәсіпкердің банктік шотына аударуға арналған өтінім;

18) веб-портал – субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет желісінде орналастырылған интернет-ресурс;

19) жеке кабинет – пайдаланушының (кәсіпкердің, уәкілетті органның, ұлттық институттың, қаржы агенттігінің, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің, конкурстық комиссияның) тізілімдегі дербес веб-парақшасы;

20) жеке шот – тізілімде тіркелген пайдаланушы туралы ақпаратты көрсететін, оны тану (аутентификациялау) және оның жеке деректері мен баптауларына қолжетімділік беру үшін қажетті субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде ашылатын шот;

21) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі айқындайтын, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді және оны иеленуші ретінде сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

22) өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – өтінімдер туралы, сондай-ақ пайдаланушылар туралы мәліметтердің жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

23) "электрондық үкімет" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосылуға арналған техникалық талаптарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

24) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

**3-тарау. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар берудің тәртібі мен шарттары**

9. Өз қызметін Бағдарлама шеңберінде жүзеге асыратын, осы конкурстық іріктеуге құжаттарын Мемлекеттік гранттар беру қағидаларының 20-тармағына сәйкес толық көлемде ұсынған кәсіпкерлер гранттар беруге арналған конкурстық іріктеуге қатысушы бола алады.

10. Бағдарлама шарттарына сәйкес келетін әрбір кәсіпкер бір бизнес-жоба бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грант беру мақсатындағы конкурстық іріктеуге қатысушы бола алады.

Мыналар:

1) берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10 %-ы мөлшерінде оны іске асыруға арналған шығыстарды кәсіпкердің, оның ішінде бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүлікпен (талап халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін міндетті емес) бірлесе қаржыландыруы (ақшалай қаражатпен);

2) жаңа жұмыс орындарын құру;

3) кәсіпкердің бизнес-жобасында инфрақұрылымның болуы және/немесе жобаны іске асыру үшін жеткілікті инфрақұрылым құру көзделген инвестициялық жоспардың болуы жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған бизнес-жобаның міндетті шарттары болып табылады.

11.Кәсіпкерлер жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант қаражатын мынадай мақсаттарға пайдаланады:

1) тауарларды шығаруға немесе қызметтерді көрсетуге қажетті негізгі құралдарды, шикізатты және материалды сатып алу;

2) материалдық емес активтерді сатып алу;

3) технологияларды сатып алу;

4) кешенді кәсіпкерлік лицензияға (франчайзинг) құқықтарды сатып алу;

5) зерттеу жұмыстарымен және/немесе жаңа технологияларды енгізумен байланысты шығыстар.

Кәсіпкердің бизнес-жобаны іске асыру мерзімі грант беру туралы шартқа қол қойылған сәттен бастап 18 (он сегіз) айдан аспайды.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

12. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант қаражатын:

1) жылжымайтын мүлікті және/немесе жер учаскесін сатып алуға;

2) жалдау ақысы ретінде;

3) үлестес/байланысқан компаниялардан/тұлғалардан негізгі құралдарды/активтерді сатып алуға (көрсетілетін қызметтерді алуға/жұмыстарды орындауға);

4) бұрын қолданыста болған негізгі құралдарды (жабдықтарды) сатып алуға пайдалануға болмайды.

Кәсіпкердің жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант қаражатын игеруі жеке тұлғадан автокөлікті сатып алу жағдайларын қоспағанда, кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелген контрагент шотына қолма-қол жасалмайтын төлем арқылы жүзеге асырылады.

13. Бір кәсіпкер үшін мемлекеттік грант сомасы 2 (екі) млн. теңгеден 5 (бес) млн. теңгеге дейін құрайды.

14. Мынадай:

1) қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкроттық сатысындағы, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрған;

2) салықтар мен мемлекеттік бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі бар;

3) қызметінің негізгі түрі жылжымайтын мүлікті жалға беру болып табылатын;

4) мемлекеттік грантты алуға өтінім берген кезде берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10 %-ы мөлшерінде бизнес-жобаны іске асыруға арналған шығыстарды бірлесіп қаржыландыруды (ақшалай қаражатпен, бизнес-жобаға қатыстырылған жылжымалы/жылжымайтын мүлікпен) растамаған (халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын қоспағанда) кәсіпкерлерге гранттар берілмейді.

15. Конкурс өткізу үшін Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі басшысының шешімімен гранттың берілуіне үміткер кәсіпкерлердің өтінімдерін іріктеу жөнінде конкурстық комиссия құрылады және оның құрамы бекітіледі. Конкурстық комиссия қызметінің негізгі қағидаттары кәсіпкерлер үшін тең жағдайлар жасау, сондай-ақ оларға қойылатын талаптардың бірізділігі, ұсынылатын құжаттарды зерттеудің жан-жақтылығы мен толықтығы, қабылданатын шешімдердің объективтілігі болып табылады.

16. Конкурстық комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және конкурстық комиссия мүшелерінен тұрады. Конкурстық комиссияның құрамы атқарушы билік, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің, салалық сарапшылардың, ғылыми-білім беру мекемелерінің, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының міндетті қатысуы арқылы қалыптастырылады.

Жергілікті атқарушы органдар мен қаржы агенттігінің өкілдері конкурстық комиссияға төраға бола алмайды.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия отырыстарын ұйымдастыруды жүзеге асырады, атап айтқанда, төрағамен келісу бойынша отырыстардың өткізілетін орнын, күнін және уақытын айқындайды, конкурстық комиссия мүшелерін алдағы отырыс туралы хабардар етеді, отырысты өткізу үшін қажетті материалдарды оның мүшелерінің назарына жеткізеді.

Конкурстық комиссияның хатшысы оның құрамына кірмейді және шешім қабылдаған кезде оның дауыс беру құқығы болмайды.

Конкурстық комиссияның отырысына конкурстық комиссия мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, ол заңды деп есептеледі.

Конкурстық комиссияның отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссия төрағасының даусы шешуші дауыс болып табылады.

17. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі конкурстық комиссияның жұмыс органы болып табылды, ол:

1) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес облыстық өңірлік апталық баспасөз басылымында, сондай-ақ веб-порталда бизнес-идеяларды қаржыландыруға мемлекеттік гранттар беру мақсатында кәсіпкерлерді іріктеу үшін конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауды жүзеге асырады;

2) Бағдарлама іске асырылатын бүкіл мерзімде кәсіпкерлерге грант түрінде мемлекеттік қолдау көрсету барысын өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жария етуді мерзімдік негізде қамтамасыз етеді;

3) кәсіпкерлерге конкурсқа қатысу мәселелері және оны өткізуге қатысты бар мәселелер бойынша, гранттар берудің шарттары мен тәртібі туралы консультация береді;

4) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына сәйкес кәсіпкерлерден конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер мен оларға қоса берілетін құжаттарды қабылдайды;

5) конкурсты ұйымдастырады және өткізеді;

6) кәсіпкерлерді грант беру немесе оны беруде бас тарту туралы хабардар етеді.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

17-1. Өңірлік үйлестіруші гранттар беру жөніндегі жеке қаржыландыру жоспары (бұдан әрі – Қаржыландыру жоспары) бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны веб-порталда орналастырады.

Ескерту. 3-тарау 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

17-2. Транш беруге өтінімдерді қабылдау Қаржыландыру жоспарына сәйкес жылдық бюджет шегінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тарау 17-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

17-3. Транштың көлемі Қаржыландыру жоспарында тиісті айға көзделген бюджет қаражатының көлемінен асатын траншты беруге арналған өтінімдер бойынша траншты беру траншты беруге өтінім берілген сәттен бастап кезектілік тәртібімен келесі айда жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тарау 17-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

17-4. Өтінімдерді қабылдау кәсіпкердің тіркелген жері (заңды мекенжайы) бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тарау 17-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

18. Конкурсқа қатысу үшін кәсіпкер конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша жеке өзі, пошта арқылы немесе өзінің өкілетті өкілі арқылы бекітілген нысан бойынша конкурстық өтінімді береді, оған басшы

не оны алмастыратын адам қол қояды және кәсіпкердің мөрімен (болған жағдайда) бекітіледі. Бұл ретте конкурсқа қатысу үшін кәсіпкер бір өтінім ғана береді.

19. Өтінімдерді қабылдау мерзімі мен орны конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетіледі.

20. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттарды алуға үміткер кәсіпкерлер Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне жүгінеді және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік гранттар беру бойынша конкурстық іріктеуге қатысуға арналған өтінім, ол Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің веб-порталына орналастырылады;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі/жеке кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама;

4) жүгінген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей берілген бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқ екені туралы анықтама;

5) өтінім берілген кездегі жалдамалы жұмыскерлердің орташа саны туралы басшының қолымен және өтініш берушінің мөрімен (болған кезде) расталған анықтама;

6) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бизнес-жоспар түрінде дайындалған бизнес-жоба;

7) ескіру мерзімі 2 (екі) жылдан аспайтын, Бағдарламаның және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қараша № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" бағдарламасының шеңберінде кәсіпкердің оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;

8) кәсіпкердің атынан өтінім беру құқығына сенімхат, сенім білдірілген адам паспортының көшірмесі (заңды тұлғаның атынан – заңды тұлға куәландырған);

9) берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10 %-ы мөлшерінде бизнес-жобаны іске асыруға арналған шығыстарды бірлесіп қаржыландыруды (ақшалай қаражатпен, бизнес-жобаға қатыстырылған жылжымалы/жылжымайтын мүлікпен) растайтын құжаттар, кәсіпкердің ағымдағы шотында ақша қаражатының бар екені туралы банк шотынан үзінді көшірме немесе бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің бағалау

құнын растайтын құжаттар (халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын қоспағанда);

10) өтініш берушіде халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызу мәртебесінің болуын растайтын құжат.

Кәсіпкер Бағдарламаға қатысу үшін өтінімді дайындау және құжаттарды жинау мәселелері бойынша консультациялық қолдау алу үшін Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне жүгіне алады.

21. Өтінімдерді қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде аяқталады. Белгіленген мерзім шеңберінде келіп түскен әрбір өтінім нөмір беріліп, өтінімдерді қабылдау журналына тіркеледі, құжаттардың берілген күні мен уақыты көрсетіледі. Кәсіпкердің әрбір өтінімінде күні мен уақыты көрсетіліп, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің қабылданғаны туралы белгі жасалады.

**4-тарау. Конкурстық өтінімдерді қарау тәртібі**

22. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі (конкурстық комиссияның жұмыс органы) кәсіпкердің құжаттарын алғаннан кейін:

1) құжаттардың толықтығын тексереді;

2) конкурс комиссиясының отырысын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар өткізеді.

23. Мемлекеттік грант алуға үміткер кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды, сондай-ақ анық емес және дұрыс емес мәліметтерді, оның ішінде бизнес-жобаның қаржы-экономикалық негіздемесінде анық емес және дұрыс емес мәліметтерді ұсынған жағдайда Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі 2 (екі) жұмыс күні ішінде нақты кемшіліктерді көрсете отырып, ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге 5 (бес) жұмыс күні ішінде пысықтау үшін қайтарады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

24. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі хабарландыруда көрсетілген өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін барлық құжаттар мен ақпаратты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кәсіпкердің материалдарын конкурстық комиссияның қарауына шығарады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

25. Бюджет қаражаты болған жағдайда конкурс жылына кемінде 2 (екі) рет өткізіледі.

26. Кәсіпкер өзінің бизнес-жобасын конкурстық комиссияның отырысында таныстырады.

27. Конкурстық комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына сәйкес конкурс өткізген кезде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) конкурстық іріктеуге қатысушылардың бизнес-жобаларын қарайды;

2) мемлекеттік гранттар беру мүмкіндігі/мүмкін еместігі туралы шешім қабылдайды.

Кәсіпкерлерді іріктеу кезінде конкурстық комиссия мүшелерінің дербес дауыс беруі жөніндегі ақпарат жария етуге жатпайды.

Конкурстық комиссия өтінімдерді зерделеу кезінде Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі арқылы тиісті мемлекеттік уәкілетті органдардан, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардан өтінімде көрсетілген мәліметтердің шындыққа сәйкестігі туралы ақпаратты сұрата алады.

28. Конкурстық өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия мынадай өлшемшарттар негізінде (оның ішінде осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 4-қосымшада көрсетілген кәсіпкердің бизнес-жобасын бағалаудың өлшемшарттарын басшылыққа ала отырып) жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грант берудің мүмкіндігі/мүмкін еместігі туралы шешім қабылдайды:

1) бизнес-идеялардың жаңашылдығы (талап халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін міндетті емес);

2) бизнес-жобаның бәсекеге қабілеттілігі (нарықтық қажеттілікті пысықтау – маркетингтік талдау);

3) бизнес-жобаның қолданысқа енгізуге дайындығы (өндірісті ұйымдастыру мәселесін пысықтау, жобаны орналастыру үшін үй-жайдың, өткізу нарығының болуы, өндірісті іске қосу үшін жобаның дайындық деңгейі).

Бұл ретте, бизнес-идея жаңашылдығының өлшемшартына:

нақты елді мекенде немесе ауылдық округте бұрын өткізілмеген тауарларды шығару, қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау;

нақты елді мекенде немесе ауылдық округте жаңа немесе жетілдірілген технологияларды қолдануды көздейтін жобалар жатады.

29. Кәсіпкерге мемлекеттік грант беру/бермеу туралы шешім конкурстық комиссияның соңғы отырысы өткізілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік грант беру мүмкіндігінің/мүмкін еместігінің себептері көрсетіле отырып, конкурстық комиссияның хаттамасымен ресімделеді.

Конкурстық комиссияның хаттамасында әрбір қаралған жоба бойынша қысқаша түйіндеме қамтылуға тиіс.

30. Хаттамаға конкурстық комиссияның мүшелері, хатшысы қол қояды және оны конкурстық комиссияның төрағасы бекітеді.

31. Конкурстық комиссияның отырысы хаттамасының қолданылу мерзімі – конкурстық комиссияның шешімі шыққан күннен бастап 9 (тоғыз) ай.

32. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі өткізілген конкурс нәтижелері бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

1) кәсіпкерге осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмемен бірге конкурстық комиссияның шешімі туралы хабарламаны;

2) қаржы агенттікке мақұлданған/бас тартылған бизнес-жобалар бойынша конкурстық комиссияның хаттамасын жібереді.

**5-тарау. Мемлекеттік гранттарды беру тетігі**

33. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі конкурстық комиссияның хаттамасы бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде веб-порталда электрондық түрде грант беру туралы шартты дайындайды және оған қаржы агенттігінің және кәсіпкердің қолын қойғызады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

34. Мемлекеттік гранттарды мемлекет Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі арқылы мемлекеттік гранттар беруге кәсіпкерлер берген өтінімдерді іріктеу бойынша өткізілетін конкурстардың қорытындылары бойынша береді.

35. Грант беру туралы шарт жасалғаннан кейін Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі кәсіпкерге оның ағымдағы банктік шотына ақша қаражатын аударуды жүзеге асырады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

36. Грант қаражаты мемлекеттік грантты немесе оның бір бөлігін кәсіпкердің банктік шотына аударуға арналған өтінімге сәйкес кәсіпкердің ағымдағы шотына аударылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

37. Бірінші траншты алу үшін кәсіпкер грант қаражатының сұралатын көлемі мен жоспарланған мақсатқа сай пайдаланылуы туралы ақпарат беруі қажет.

38. Гранттың нысаналы мақсаты осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларының шарттары мен өлшемшарттарына сәйкес келген жағдайда Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі транштың сұралып отырған сомасын кәсіпкердің ағымдағы шотына аударады.

39. Кәсіпкер грантты нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға және грант беру туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

**6-тарау. Кәсіпкердің электрондық өтінімді "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру тәртібі**

40. Мемлекеттік гранттар мына шарттар сақталған жағдайда беріледі:

1) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті грантты алуға өтінім беру.

"Электрондық үкімет" веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

2) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өтінімді тіркеу;

3) деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған кәсіпкердің субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шотының болуы.

Субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шоттың болуы кәсіпкерге өтінімді субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеуді өз бетінше жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл жағдайда өтінім беру талап етілмейді және ол осындай тіркеу жүргізілген кезден бастап берілген болып есептеледі;

4) есепке алу мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін, субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде алынған, бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешектің жоқтығы туралы мәліметтерді растау;

5) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен "Зейнетақы мен жәрдемақы төлеудің орталықтандырылған дерекқоры" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде алынған өтініш берушінің халықтың әлеуметтік осал топтарына жататындығы туралы мәліметтерді растау (қажет болған жағдайда);

6) бизнес-жобаға қатысатын жылжымайтын мүлікпен бірлесіп қаржыландыруды растау мақсатында – субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған, кәсіпкерде жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығындағы жер учаскесі(лері)нің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің болуы (халықтың әлеуметтік осал топтарын қоспағанда);

7) бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы мүлікпен бірлесіп қаржыландыруды растау мақсатында – субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ауыл шаруашылығы техникасының мемлекеттік тізілімімен және/немесе "Автомобиль" деректер базасымен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы расталған, кәсіпкерде жылжымалы мүліктің болуы (халықтың әлеуметтік осал топтарын қоспағанда).

Конкурсқа қатысу үшін кәсіпкер тек бір өтінім беруге құқылы.

Өтінімдер конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде қабылданады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

41. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттарды алуға үміткер кәсіпкерлер өтінімге PDF форматындағы мынадай сканерленген құжаттардың көшірмелерін қоса береді:

1) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бизнес-жоспар түрінде дайындалған бизнес-жоба;

2) басшының қолымен және өтініш берушінің мөрімен расталған, өтінім беру кезіндегі жалдамалы жұмыскерлердің орташа саны туралы анықтама (бар болса);

3) Бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" бағдарламасы шеңберінде кәсіпкердің оқудан өткенін растайтын, ескіру мерзімі 2 (екі) жылдан аспайтын құжат;

4) берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10 % мөлшерінде бизнес-жобаны іске асыруға арналған шығыстарды (бизнес-жобаға қатысатын ақша қаражатымен, жылжымалы/жылжымайтын мүлікпен) қоса қаржыландырудың болуын растайтын құжаттар, кәсіпкердің ағымдағы шотында ақша қаражатының болуы туралы банктік шоттан үзінді көшірме немесе бизнес-жобаға қатысатын

жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын құжаттар (халықтың әлеуметтік осал топтарын қоспағанда);

5) өтініш берушіде халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызылу мәртебесінің бар екенін растайтын құжат (ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылының нәтижесінде мәліметтер түспеген жағдайда).

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

42. Кәсіпкер туралы мәліметтер, оның ішінде заңды тұлғаны тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік және (немесе) жеке кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама, заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің қызмет түрлері туралы мәліметтер, тарату, қайта ұйымдастыру немесе банкроттық сатылары туралы, сондай-ақ қызметті тоқтату туралы мәліметтер, бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша қарыздың бар/жоқ болуы туралы мәліметтер, жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің болуы туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде айқындалады.

43. Веб-портал (бұдан әрі – жеке кабинет) арқылы тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

1) кәсіпкерлердің, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің, қаржы агенттігінің, уәкілетті органның (бұдан әрі – пайдаланушылар) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өз бетінше тіркелуі үшін ЭЦҚ болуға тиіс;

2) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі жыл сайын көрсетілетін қызметтерді жеткізушіге ЭЦҚ бар өз жұмыскерлерінің өзектілендірілген тізімдерін жібереді.

Жеке кабинетте тіркелу үшін пайдаланушылар мына мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі ( бұдан әрі – БСН), толық атауы; бірінші басшының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және ЖСН;

3) байланыс деректері (пошталық мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктегі банктік шоттың деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде пайдаланушы бір жұмыс күні ішінде жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

Субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік уәкілетті органға тұрақты түрде онлайн-режимде өтеусіз негізде беріледі.

Уәкілетті орган жыл сайын субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділігі бар көрсетілетін қызметтерді жеткізушіге дербес деректерді қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес жауапты тұлғалардың тізімін жібереді.

Өтінімді қалыптастыру және тіркеу жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларының 40-тармағы 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларының талаптарын субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің тексеруі үшін қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім кәсіпкердің ЭЦҚ қол қоюы арқылы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеледі және өңірлік үйлестірушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Егер өңірлік үйлестіруші өтінімді қабылдаған кезге дейін тіркелген өтінімде қателер анықталған жағдайда, кәсіпкер қайтарып алу себебін көрсете отырып, өтінімді қайтарып алуға құқылы.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

44. Бағдарламаның Өңірлік үйлестірушісі кәсіпкер өтінімді тіркеген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тиісті хабарламаға ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қою арқылы оның қабылданғанын растайды. Бұл хабарлама кәсіпкердің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

45. Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе Бағдарламаның талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі ұсынылған құжаттар бойынша нақты кемшіліктерді көрсете отырып, ұсынылған құжаттарды пысықтау үшін кәсіпкерге қайтарады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

46. Өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі ақпараттық жүйе арқылы кәсіпкерлердің мақұлданған өтінімдерінің тізбесін қалыптастырады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

47. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі арқылы кәсіпкерлердің мақұлданған өтінімдерінің тізбесін қалыптастырады;

2) ақпараттық жүйе арқылы осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күн тәртібін, күнін, уақытын көрсете отырып, кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия отырыстарының кестесін қалыптастырады.

Кесте қалыптастырылғаннан кейін өтінімдері мақұлданған өтінімдер тізбесіне енгізілген барлық кәсіпкерлерге олардың жобалары бойынша таныстырылым және дауыс беру күні, уақыты және орны туралы автоматты түрде хабарлама жіберіледі;

3) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде конкурстық комиссия мүшелерінің авторландырылуын қамтамасыз етеді;

4) мәлімделген жобаларды мақұлдау/мақұлдамау бойынша шешім қабылдау үшін конкурстық комиссияның мүшелеріне мақұлданған өтінімдерді және кәсіпкердің электрондық құжаттамасын қарау қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

48. Конкурстық комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына сәйкес мыналарды жүзеге асырады:

1) мәлімделген жобаны ұсынылған құжаттардың толықтығы мен анықтығы тұрғысынан қарау;

2) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 4-қосымшада көрсетілген бизнес-идеялар шеңберінде кәсіпкерді бағалау өлшемшарттарына сәйкес әрбір мәселе бойынша балдарды қою әдісімен дауыс беру.

Егер кәсіпкердің жобасына конкурстық комиссия мүшелерінің жартысынан азы дауыс берген жағдайда, бұл жоба дауыс беру күні қайта дауыс беруге шығарылады;

3) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімдерді іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия отырысының конкурстық комиссияның әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері және оның қорытынды шешімі көрсетілген хаттамасына қол қою.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

49. Конкурстық комиссия отырысының хаттамасы веб-портал арқылы қалыптастырылады, ЭЦҚ арқылы конкурстық комиссияның мүшелері, хатшысы қол қояды және конкурстық комиссияның төрағасы бекітеді.

Конкурстық комиссияның хаттамасын бекіту кезінде өтінімдерді беру кезектілігіне сәйкес қаржыландыру жоспарында бюджет қаражатының көлемін автоматты түрде резервтеу жүргізіледі.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

50. Жобаны бағалау үшін оған балл беру осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 4-қосымшада көрсетілген кәсіпкердің жобасын бағалау өлшемшарттарын негізге ала отырып жүзеге асырылады.

51. Кәсіпкердің бір жобасы бойынша конкурстық комиссияның мүшесі беретін ең жоғары балл 40 (қырық) баллды құрайды. Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жатқызылатын кәсіпкерлердің бизнес-жобалары бойынша ең жоғары балл сомасы осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес міндетті емес талаптар/өлшемшарттар бойынша балдарды шегере отырып белгіленеді.

52. Дауыс беру қорытындысы бойынша конкурстық комиссия мүшелері қойған балдар саны қосылып, конкурстық комиссияның қорытынды шешімі айқындалады.

53. Егер жоба конкурстық комиссияның дауыс берген мүшелерінің мүмкін болатын ең көп балдары сомасының 70 %-ынан астамын жинаса, жобаны конкурстық комиссия мақұлдаған болып есептеледі.

54. Конкурстық комиссия мүшелері мәлімделген жобаны қарау кезінде дискрециялық тәсілді басшылыққа ала алмайды. Жобаны қарау мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды. Конкурстық комиссия мүшесі дауыс бермеген жағдайда, оның балы кәсіпкердің пайдасына ең жоғары сома бойынша есепке алынады.

55. Хаттама бекітілгеннен кейін кәсіпкерлерге веб-порталда тіркелу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына тиісті хабарлама жіберіледі. Бұл ретте, уәкілетті орган хаттаманы веб-портал арқылы тұрақты негізде, ал Қаржы агенттігі хаттамаға қол қойылғаннан кейін ғана қарайды.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

56. Бюджет қаражаты болған жағдайда веб-портал арқылы өткізілген конкурс нәтижелері бойынша Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі:

1) грант беру туралы электрондық шартты қалыптастырады және оны конкурстық комиссияның хаттамасы бекітілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаржы агенттігіне келісуге жібереді;

2) қаржы агенттігі мемлекеттік грантты беру туралы шарттың жобасын келіскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кәсіпкердің, қаржы агенттігінің грант беру туралы шартқа қол қоюын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

57. Комиссияның оң шешімін алған жобалар бойынша бюджет қаражатының жетіспеушілігі туындаған жағдайда кәсіпкерлерге гранттар төлеуді тоқтата тұру туралы тиісті автоматты түрдегі хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

58. Қосымша қаражат алған кезде өтінімдерді беру кезектілігіне сәйкес қаржыландыру жоспарында бюджет қаражатының көлемдерін автоматты түрде резервтеу жүргізіледі.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

59. Конкурстық комиссия отырысы хаттамасының қолданылу мерзімі өткеннен кейін веб-портал өтінімдері грант беру туралы шарттарға қол қоюға арналған тізілімде кезекте тұрған кәсіпкерлерге автоматты түрде хабарлама жібереді.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

60. Қосымша қаражат алғаннан кейін және конкурстық комиссия отырысының хаттамасы қолданыста болған жағдайда Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі кәсіпкердің және қаржы агенттігінің грант беру туралы шартқа қол қоюын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

## 7-тарау. Жобалардың іске асырылуын мониторингілеу

61. Осы Мемлекеттік гранттар беру қағидалары шеңберінде кәсіпкерлер жобаларының іске асырылуын мониторингілеу функцияларын жүзеге асыру үшін қаржы агенттігі кәсіпкерден барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және банктік құпияны құрайтын ақпаратты сұрата алады, жобаны іске асыру орнына бару арқылы мониторингті жүзеге асыра алады.

62. Мемлекеттік гранттар беру қағидалары шеңберінде жобалардың іске асырылуын мониторингілеуді кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті қаржылық қолдау бағдарламалары аланда іске асырылатын Жобаларға мониторинг жүргізу қағидалары негізінде қаржы агенттігі жүзеге асырады.

Қаржы агенттігінің функцияларына:

1) гранттың мақсатқа сай пайдаланылуын мониторингілеу;

2) грантты алған күннен бастап 1 (бір) жыл өткеннен кейін кәсіпкерлердің бизнес-жобаларды орындауы бойынша қызметін мониторингілеу;

3) кәсіпкердің жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі шарттарды орындауын мониторингілеу;

4) кәсіпкердің грант беру туралы шарт талаптарын орындауын мониторингтеу жатады.

Ескерту. 62-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

63. Мониторинг шеңберінде қаржы агенттігі:

1) грант алушылардың тізілімін жүргізеді;

2) кәсіпкерлер алған қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуына мониторинг жүргізеді және Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне кәсіпкерлердің бизнес-жобаларды іске асыруы туралы есеп береді.

64. Қаржы агенттігі кәсіпкердің грант қаражатын мақсатқа сай пайдаланбағанын не жобаның және/немесе кәсіпкердің мемлекеттік гранттар беру талаптарына және/немесе конкурстық комиссия шешіміне және/немесе грант беру туралы шарт талаптарына сәйкес келмейтінін не кәсіпкердің жұмыс орындарының санына қол жеткізу бойынша міндеттемелерді орындамағанын анықтаған жағдайда, ол Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісін және конкурстық комиссияны жазбаша хабардар етеді.

Қаржы агенттігі ұсынған ақпарат негізінде конкурстық комиссия ақпаратты алған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде анықталған ескертулерді жою үшін қосымша уақыт беру не кәсіпкермен грант беру туралы шартты бұзу

туралы шешім қабылдайды, осыдан кейін өзінің шешімі туралы Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісін және қаржы агенттігін хабардар етеді.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

65. Конкурстық комиссия кәсіпкермен грант беру туралы шартты бұзу туралы шешім қабылдаған жағдайда Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі мақсатқа сай пайдаланылмаған мемлекеттік грант қаражатын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қайтару бойынша іс-шаралар жүргізеді. Грант қаражаты бір бөлігінің мақсатқа сай пайдаланылмауы анықталған жағдайда, конкурстық комиссияның тиісті шешімі бойынша грант қаражатының мақсатқа сай пайдаланылмаған сомасына ғана қайтаруға жол беріледі.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2020 № 491 қаулысымен.

"Бизнестің жол картасы-2025"
бизнесті қолдау мен дамытудың
мемлекеттік бағдарламасы
шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске
асыруға
мемлекеттік гранттар
беру қағидаларына
1-қосымша

**Конкурс өткізу туралы хабарландыру**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.10.2020 № 628 қаулысымен.

Конкурсты ұйымдастырушы:_________________________________________

Орналасқан жері: _________________________;

пошталық мекенжайы: _________________________;

электрондық поштасы: _________________________;

байланыс телефоны _______________________________

Конкурстың нысанасы: "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, жас кәсіпкерлерге (өз бизнесін құруға) мемлекеттік гранттар беру.

Байқау түрі: ашық конкурс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім беру орны: ______________________

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурсқа қатысу үшін үміткерлер көрсетілген мекенжай бойынша жеке өзі, пошта арқылы, электрондық нысанда

"электрондық үкімет" веб-порталы арқылы немесе өзінің өкілетті өкілі арқылы бекітілген нысан бойынша өтінімді және конкурстық құжаттаманың толық пакетін ұсынады.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну мерзімі: 20_ ж. "____" ____________ бастап 20__ж. "__" ______ дейін жұмыс күндері сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін (жергілікті уақыт).

Өтінімдерді берудің басталу күні мен уақыты: 20___ж. "___" ________ сағат 10.00-ден бастап (жергілікті уақыт).

Өтінімдерді берудің аяқталу күні мен уақыты: 20__ ж. "___" ___________ сағат 13.00-ге дейін (жергілікті уақыт).

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайды.

"Бизнестің жол картасы-2025"
бизнесті қолдау мен дамытудың
мемлекеттік бағдарламасы
шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды
іске асыруға мемлекеттік гранттар
беру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грант беруге арналған конкурстық іріктеуге қатысуға өтінім**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.10.2020 № 628 қаулысымен.

______________________ облысының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)

________________________________________________________________________

_______ (заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Ұсынылған материалдарды қарауды сұраймын және жас кәсіпкерге жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін (өз бизнесін құруға) мемлекеттік гранттар беру үшін конкурстық іріктеуге қатысатынымды мәлімдеймін.

1. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

заңды тұлға үшін:

атауы ____________________________________________________

БСН ____________________________________________________________

басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _________________

Басшының ЖСН ______________________________________________________

мекенжайы ______________________________________________________

телефон (факс) нөмірі_________________________________________

жеке тұлға, дара кәсіпкер үшін:

атауы _________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)__________________________

ЖСН ________________________________________________________

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі _______________________________________________________

кім берді ___________________________________________________

берілген күні ________________________________________________

мекенжайы ___________________________________________________

телефон (факс) нөмірі________________________________________

Жеке тұлға, дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама:

орналасқан жері _______________________________________________

хабарлама күні _______________________________________________

2. Шағын кәсіпкерлік субъектісінде Екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шоттың болуы туралы мәліметтер:

Банк деректемелері:____________________________________________

Банктің атауы:_________________________________________

БИК _________________________________________________________

ИИК _________________________________________________________

БСН ________________________________________________________

Кбе __________________________________________________________

3. Сұратылған ақша қаражаты, барлығы, мың теңге ______________;

оның ішінде жылдар бойынша: 20 __ж. - _____мың теңге, 20 __ж. - _____мың теңге, 20 __ж. - ___ _ _ мың теңге.

Мынаны растаймын:

1) бұрын берілген бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өткен берешек жоқ;

2) осы өтінімде қамтылған мәліметтер, сондай-ақ өңірлік үйлестіруші талап еткен барлық құжаттар Бағдарлама шеңберінде мемлекеттік гранттар беру үшін ғана ұсынылған.

Мен:

1) өңірлік үйлестірушінің бірінші талабы бойынша осы өтінімді қарау шеңберінде талап етілген банктік және коммерциялық құпияны қамтитын кез келген ақпарат пен құжаттарды ұсынуға және ашуға;

2) өтінімде көрсетілген деректер өзгерген жағдайда өңірлік үйлестірушіні дереу хабардар етуге міндеттенемін.

Мынаған келісемін:

1) өңірлік үйлестіруші және конкурстық комиссия ұсынылған мәліметтерге тексеру жүргізуі мүмкін;

2) өңірлік үйлестіруші көрсетілген деректердің дұрыстығын тексеруге міндетті емес;

3) көрсетілген деректер мен ақпараттың дұрыс еместігі анықталған жағдайда, осы өтінім оны қараудың кез келген кезеңінде қабылданбауы мүмкін;

4) өңірлік үйлестіруші осы өтінімде көрсетілген мәліметтерді, ақпаратты және кәсіпкер ұсынған құжаттарды тексеру және қарау мақсатында мүдделі үшінші тұлғаларға ұсынуға құқылы;

5) өңірлік үйлестіруші кәсіпкер өзі туралы хабарлаған кез келген ақпаратты тексеру құқығын өзіне қалдырады, ал кәсіпкер ұсынған құжаттар және өтінімнің түпнұсқасы мемлекеттік грант ұсынылмаса да, өңірлік үйлестірушіде сақталатын болады;

6) өңірлік үйлестірушінің осы өтінімді қарауына қабылдауы, сондай-ақ кәсіпкердің ықтимал шығыстары (нысаналы грант алу үшін қажетті құжаттарды ресімдеуге және т.б.) өңірлік үйлестірушінің нысаналы грант беру немесе кәсіпкер шеккен шығындарды өтеу міндеттемесі болып табылмайды.

"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін конкурс шарттарымен және мемлекеттік гранттар беру қағидаларымен таныстым.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, түсіруге және пайдалануға келісім беремін.

Өтінім қағаз түрінде берілген кезде:

Осы өтінімге ұсынылатын құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттардың көшірмелерін қоса беремін.

Өтініш берушінің ТАӘ (толық): ______________________________________

Қолы: _________________ Күні: ____________

* өтінімнің әрбір бетіне қол қою қажет

М.О. (бар болса)

Электрондық нысанда өтінім беру кезінде:

Өтінім беруші сағат 00:00-де қол қойды және жіберді "__" ______ 20__ жыл:

ЭЦҚ деректері

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Өңірлік үйлестіруші 20 __ жылғы "__" сағат 00:00-де қабылдады:

ЭЦҚ деректері

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты
Жаңа бизнес-идеяларды
іске асыру үшін мемлекеттік грант беруге
арналған
конкурстық іріктеуге
қатысуға өтінімге қосымша
Нысан

Жоба туралы мәліметтер

1. Жалпы ақпарат:

Жобаның атауы_________________________________;

Жобаның қысқаша сипаттамасы_________________________________;

Жобаны іске асыру орны_________________________________;

Жобаны іске қосу күні_________________________________;

Қызметтің бейінді бағыты (*жоба облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Семей қалаларында іске асырылған жағдайда толтырылады) __________;

Өнімді / қызметті пайдаланушылардың мақсатты аудиториясы__________________;

Жер учаскесінің және/немесе үй-жайдың болуы (жалға алу немесе жеке меншік) __;

учаскенің және/немесе үй-жайдың кадастрлық нөмірі (бар болса)___________;

Қажетті жабдықтың/қосалқы материалдардың болуы (бар болса, тізбелеу): ______.

2. Жобаны/өнімді нарыққа ілгерілету стратегиясы:

өнім нарығының көлемі мен сыйымдылығы, жоба іске асырылатын саланың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын талдау_________________________________;

ұсынылатын өнім алуға қабілетті нарықтың әлеуетті үлесін негіздеу ___________;

зерттелетін нарықтардағы негізгі үрдістер, күтілетін өзгерістер ________________;

өнімді әлеуетті тұтынушылармен уағдаластықтардың болуы және өнімді сатып алуға дайындығын растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, алдын ала жеткізу шарттары, жеткізу шарттары) ____________________________________________________________;

осы нарықта өнімді табысты өткізуге елеулі ықпал ететін факторлардың болуы (баға саясаты, өнімнің техникалық сипаттамалары бойынша артықшылығы, нарықтағы беделі, контрагенттермен қарым-қатынасы, еңбек ұжымы, өнімнің ядролық емес сапасы, географиялық және өзге де ерекшеліктері) ________________________________.

3. Жоба командасы:

жалдамалы қызметкерлер саны_____________________________;

кәсіпкерлік қызмет саласындағы және іске асыру жоспарланып отырған саладағы жұмыс тәжірибесі (тиісті құзыреттің, шеберліктің, дағдылардың немесе білімнің болуы)

____________________________.

4. Жобаны іске асыру:

жобаның өтелімділік мерзімі, ай _________________________________;

| Шығыстардың түрлері | Шығыстар баптарының атауы | Шығыстар сомасы, мың теңге |
|---|---|---|
| Меншікті қаражат | | |
| Грант қаражаты | | |
| Барлығы: | | |

5. Жоба бойынша күтілетін экономикалық тиімділік:

| Жылдар | Факт | Болжам | | |
|---|---|---|---|---|
| | ағымдағы жылы | 1-ші жыл | 2-ші жыл | 3-ші жыл |
| Құрылатын жұмыс орындарының саны, адам | | | - | - |
| Салық түріндегі түсімдер сомасы, мың теңге | | | | |
| Таза пайда, мың теңге | | | | |

6. Тәуекелдерді басқару:

| Тәуекел түрлері | Тәуекелдің басталу ықтималдығы | Тәуекелді реттеу тәсілдері |
|---|---|---|
| Мүліктік (өндірістік және қаржылық қызметті жүзеге асыру процесінде кәсіпорынның өз мүлкінің бір бөлігін жоғалтуы, оның бүлінуі және табыс алмауы ықтималдығы) | | |
| Маркетингтік (тауардың сату көлемінің немесе бағасының төмендеуіне байланысты пайда алу ықтималдығы) | | |
| Салалық (саланың экономикалық жай-күйінің өзгеруі нәтижесінде борышкердің өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығындардың ықтималдығы) | | |

7. Ұсынылған құжаттар туралы мәліметтер (өтінімді электрондық нысанда берген кезде көрсету):

| Р/с № | Құжаттың атауы | Электрондық файлдың атауы (pdf форматы) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Бизнес-жоба | |
| 2 | Кәсіпкердің Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" бағдарламасы және/немесе бағдарламасы курстарында қысқа мерзімді оқудан өткенін растайтын құжат | |
| 3 | Кәсіпкердің шотында ұсынылатын мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10% ақша қаражатының болуы туралы банктік шоттан үзінді көшірме немесе жылжымалы және / немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын құжаттар | |

5. Қосымша мәліметтер (бағалау шкаласы бойынша бағаланады):

1) бизнес-жобаның бәсекеге қабілеттілігін сипаттаңыз (нарықтық қажеттілікті пысықтау-маркетингтік талдау) (жобаны бағалау өтінімде көрсетілген деректерге негізделуі тиіс);

2) сіздің пікіріңіз бойынша бизнес-жобаның енгізуге дайындығын сипаттаңыз (өндірісті іске қосу үшін жобаның дайындық деңгейі);

3) жобаны іске асырудан қандай экономикалық пайда бар екенін сипаттаңыз;

4) сіздің ойыңызша, осы жоба бойынша өзін-өзі ақтау мерзімі жобаны тиімді басқару үшін қаншалықты жеткілікті екенін сипаттаңыз;

5) осы жоба бойынша жаңа жұмыс орындарын есептеу кезінде нені басшылыққа алғаныңызды, бұл сан қажетті нәтижелерге қол жеткізуге сәйкес келетіндігін сипаттаңыз;

6) осы жобаны іске асыру үшін кәсіпкердің жұмыс тәжірибесін оның мақсатқа жету үшін сәйкестігі бөлігінде сипаттаңыз;

7) сіздің ойыңызша, жобаны іске асырудан таза пайда алу қаншалықты тұрақты болатынын сипаттаңыз (жобаны іске асыруға маусымдылықтың, мереке күндерінің әсеріне байланысты бағаланады);

8) тәуекелдер туындаған жағдайда (экономикалық, маркетингтік) жобаны басқа салаға қайта бағдарлау бойынша жоспарланған іс-әрекеттеріңізді сипаттаңыз (бағалау кезінде өтінімде көрсетілген деректерді басшылыққа алу, сондай-ақ жобаның бағыттылығына сүйену қажет);

9) жобаны іске асыру үшін өткізу нарықтарын, әлеуетті сатып алушыларды іздеу бойынша бар әзірлемелерді немесе әлеуетті тапсырыс берушілермен алдын ала уағдаластықтарды сипаттаңыз;

10) бизнес-идеяның жаңалығын сипаттаңыз (түпнұсқалығы, қолданылуы, пайдалылығы, іске асыру мүмкіндігі, аналогтарының болуы) (мүгедектер үшін қолданылмайды).

"Бизнестің жол картасы-202
бизнесті қолдау мен дамытудың
мемлекеттік бағдарламасы
шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды
іске асыруға мемлекеттік гранттар
беру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**БИЗНЕС-ЖОСПАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

**1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР**

1.1. Жобаның атауы.

1.2. Өтініш берушінің атауы (толық және қысқартылған).

1.3. Жарғылық капиталды бөлу.

1.4. Орналасқан орны, заңды мекенжайы туралы мәліметтер.

1.5. Сайт (болған жағдайда).

1.6. Жобаны іске асыру үшін негізгі құралдардың және қажетті алаңдардың болуы.

1.7. Шығарылуы болжанатын өнім (тауар, көрсетілетін қызмет) немесе бизнес-процесс.

1.8. Грантты алған кезден бастап жобаны іске қосудың болжамды мерзімі.

**2. ЖОБАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ:**

2.1. Жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын өнімнің негізгі сипаттамалары (өнімнің функционалдық мақсаты, негізгі тұтыну сапалары мен параметрлері).

2.2. Шешімдер жобаларында ұсынылған жаңашылдық (оның ішінде жобаның өзектілігі мен бірегейлігі туралы ақпарат; бизнес-жобаны іске асыруға ұсынылатын шешімнің жаңашылдығы, яғни сату арналары, маркетингтік стратегия құру, өнім материалы/өндіру әдісі және т.б.; жобаның технологиялық деңгейі).

2.3. Жоба тақырыбы бойынша патенттердің және өзге де құқық қорғау құжаттарының болуы.

2.4. Жобаның бизнес-процесінің не өнім жасаудың сипаттамасы (оның ішінде

бизнес-жобаның өтелу мерзімі туралы ақпарат; бизнес-жобаның бәсекеге қабілеттілігі;өнім берушілер мен тұтынушылар туралы ақпарат; тауарды/негізгі құралдарды/шикізатты және материалды жеткізуге/қызметтер

көрсетуге/жұмысты орындауға /технологияларды/ франшизаларды/патентті және т.б сатып алуға шарттардың/келісімшарттардың болуы).

2.5. Ресурстармен қамтамасыз ету (оның ішінде бизнес-жобаны іске асыру үшін үй-жайдың және инфрақұрылымның болуы; өткізу нарығының болуы және бизнес-жобаның ұсынылатын нәтижелерін коммерцияландыру мүмкіндігі).

**3. КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ:**

3.1. Өнім нарығының көлемі мен сыйымдылығы, жоба іске асырылатын саланың қазіргі жағдайын және даму перспективаларын талдау, бизнесті кеңейту перспективасы.

3.2. Жасалатын өнімнің бәсекелестік артықшылығы, техникалық-экономикалық сипаттамаларды аналогтармен салыстыру (1- кесте).

Техникалық және құндық сипаттамалар бойынша баламалы шешімдердің салыстырмалы талдауы жүргізіледі (өндіруге ұсынылып отырған тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің аналогтарымен салыстырғандағы техникалық деңгейі мен құны, ақпарат дереккөздеріне сілтемелер):

1-кесте

| **Көрсеткіштер атауы** | **Көрсеткіштердің мәні** | | |
|---|---|---|---|
| **Ұсынылатын үлгі** | **№ 1 аналог** | **№ 2 аналог** | |
| | | | |

3.4. Өнімді нарыққа ілгерілету стратегиясы.

- Өткізу нарықтарының (экспорттық және ішкі) сипаттамасы, оның ішінде: нарықтың осы сегментінде жұмыс істейтін негізгі компаниялардың сипаттамасы; бәсекелес компаниялар ұсынатын өнімнің сипаттамасы.
- Нарықтың сандық сипаттамалары (заттай және ақшалай мәндегі жылдық көлемдер, сұраныстың өсу немесе төмендеу үрдісі).
- Компанияның өнімі иелене алатын нарықтың әлеуетті үлесінің негіздемесі.
- Зерттелетін нарықтардағы негізгі үрдістер, күтілетін өзгерістер.
- Өнімнің әлеуетті тұтынушыларымен уағдаластықтардың болуы және өнімді сатып алу дайындығын растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, алдын ала жеткізу шарттары, жеткізу шарттары).
- Осы нарықта өнімді табысты түрде іске асыруға елеулі әсер етуді қамтамасыз ететін факторлардың болуы (баға саясаты, техникалық сипаттамалар бойынша өнімнің артықшылығы, нарықтағы бедел, контрагенттермен қарым-қатынас, еңбек ұжымы, өнімнің ерекше қасиеттері, географиялық және өзге де ерекшеліктер).

**4. ЖОБАНЫҢ КОМАНДАСЫ:**

4.1. Қызметкерлер саны, олардың қызметінің бағыты және түйіндеме мен біліктілікті растайтын құжаттарды (диплом, сертификаттар) қоса бере отырып олардың біліктілігі.

4.2. Бағдарламаларға қатысу тәжірибесі, жобалардағы рөлі, алынған нәтижелері мен кәсіпорынның даму көрсеткіштері.

4.3. Басқарудың ұйымдық құрылымы. Жаңа мамандарды тарту схемасы.

**5. ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ:**

5.1. Тәуекелдердің ықтимал типтері мен көздері, оларды азайту бойынша шаралар.

5.2. Кезеңдері, нақты алынатын нәтижелері, уақыт аралықтары және қажетті қаражаты көрсетіле отырып, жобаны іске асыру жоспары (жобаны қаржыландыру кезеңінде, сол сияқты аталған кезең аяқталғаннан кейін де жоспар жасалады) (2-кесте).

2-кесте

| **Жобаны іске асыру кезеңінің атауы** | **Кезең мерзімі** | **Кезең құны** | **Сапалық және сандық нәтижелер** |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |

**6. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАР:**

6.1. Жобаны қаржыландырудың жалпы көлемі, оның ішінде инвестициялардың немесе меншікті қаражатының көлемі, қаражат көздері мен оларды алу нысандары (3-кесте).

6.2. Жобаны іске асыруға бұрын тартылған қаржыландыру (осы көздерді көрсете отырып).

3-кесте

| **Жұмыстарды орындауға жұмсалған шығындар** | **Шығындар сомасы (теңге)** | **Жұмыстар кезеңдері** | **Баға белгілеу бойынша түсіндірме** | **Қаржыландыру көзі** | **Есептемелерде қолданылатын дереккөздер** |
|---|---|---|---|---|---|
| Шығындар – Барлығы: | | | | | |
| оның ішінде баптар бойынша: | | | | | |
| | | | | | |
| Басқа қаржыландыру көздерінің есебінен шығындар - Барлығы: | | | | | |
| Оның ішінде: | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Меншікті қаражаты | | | | | |
| Өзге (қандай екенін көрсету) | | | | | |

6.3. Жобаны іске асырудың соңына қарай негізгі жоспарлы экономикалық көрсеткіштер (өндіріске жұмсалатын шығыстар, пайда, таза пайда, шығарылатын өнімнің рентабельділігі), Excel форматындағы көрсеткіштер есептемесі қоса беріледі.

6.4. Excel форматындағы кесте түріндегі есептемелерді қоса бере отырып, айлар бойынша бөліністе кірістер, шығыстар, ақша қозғалысы болжамы жоспарының есептемесі. Қызмет түрлері, шығындар баптары бойынша таратып жазылған шығындар бойынша таратып жазумен кірістер бойынша есептер.

"Бизнестің жол картасы-2025"
бизнесті қолдау мен дамытудың
мемлекеттік бағдарламасы
шеңберінде жаңа
бизнес-идеяларды
іске асыруға мемлекеттік
гранттар беру қағидаларына
4-қосымша

**Кәсіпкер жобасын бизнес-идеялар шеңберінде бағалау өлшемшарттары**

| **Р/с №** | **Өлшемшарт атауы** | **Сипаттамасы мен салмағы** |
|---|---|---|
| 1. | Бизнес-жобаның жаңашылдығы (талап халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін міндетті емес). | Балдар сомасы |
| 2. | Бизнес-жобаның тиімділігі | Балдар сомасы |
| 3. | Дайындық дәрежесі | Балдар сомасы |
| 4. | Меншікті инфрақұрылымының болуы | 2 балл – жобаны іске асыру үшін талап етілетін меншікті инфрақұрылымның болуы; 1 балл – бизнес-жобада оны іске асыру үшін жеткілікті инфрақұрылым құру көзделген. |
| 5. | Кәсіпкердің бизнес-жобаны іске асыруға арналған шығыстарды бірлесе қаржыландыру (ақшалай қаражатпен, бизнес-жобаға қатыстырылған жылжымалы/жылжымайтын мүлікпен) (талап халықтың әлеуметтік жағынан осал топтар үшін міндетті емес). | 2 балл – 20 % жоғары<br>1 балл – 10 %-дан 20 %-ға дейін |
| 6. | Жобаның аналогтармен салыстырғандағы артықшылықтары | 1 – 2 балл – бар / 0 балл – жоқ |
| 7. | Жобаның экономикалық орындылығы | балдар сомасы |

1) Бизнес-жоба жаңашылдығын бағалау.

| **Бизнес-жоба жаңашылдығының өлшемшарттары** | **Балдар** |
|---|---|
| Жобаның өзектілігі мен бірегейлігі (бизнес-жобаны іске асыру өңірінде аналогтардың болмауы) | 2 балл – аналогтардың болмауы;<br>1 балл – аналогтар бар, дегенмен бизнес-жобаны іске асыру бағыты жаңа және өңір үшін |

| | |
|---|---|
| | перспективті. |
| Жобада ұсынылған шешімдердің жаңашылдығы (өткізу арналары, маркетингтік стратегия құру, өнімнің материалы/өндіру тәсілі және т.б.) | 2 балл – сәйкес келеді;<br>1 балл – ішінара сәйкес келеді;<br>0 балл – сәйкес келмейді. |
| Жобаның технологиялық деңгейі (технологиялық жарақтандырудың болуы) | 2 балл – жобада заманауи технологиялар қолданылады;<br>1 балл – бар<br>0 балл – жоқ. |
| Өндірілетін тауарға/көрсетілетін қызметке патенттің болуы (зияткерлік меншік объектісінің болуы) | 2 балл – бар;<br>0 балл – жоқ. |
| Бизнесті кеңейту мүмкіндігі (оның ішінде нарыққа өнімді немесе бизнес-процесті ілгерілету стратегиясының болуы, нарық қажеттілігінің болуы, қаржыландыруға жеке капиталды тарту перспективасы). | 2 балл – сәйкес келеді;<br>1 балл – ішінара сәйкес келеді;<br>0 балл – сәйкес келмейді. |
| ЖИЫНЫ | балдар сомасы |

2) Бизнес-жоба тиімділігін бағалау.

| **Тиімділік өлшемшарттары** | **Балдар** |
|---|---|
| Бизнес-жобаның өтелу мерзімі | 2 балл – 3 жылдан артық емес;<br>1 балл – 3 жылдан астам;<br>0 балл – 7 жылдан астам. |
| Бизнес-жобаның бәсекеге қабілеттілігі (бәсекеге қабілетті артықшылықтардың болуы) | 1 – 2 балл – бар / 0 балл – жоқ |
| Бір өнім берушіге не сатып алушылардың шағын тобына тәуекелділік | 1 – 2 балл – жоқ / 0 балл – иә |
| Тауарды/негізгі құралдарды/шикізат пен материалдарды жеткізуге және қызметтер көрсету/жұмысты орындау/технологияларды/франшизаларды/патентті және т.б сатып алу шарттарының/келісімшарттарының болуы. | 2 балл – бар;<br>1 балл – жоқ. |
| Бизнес-жобаны іске асыру үшін жеке үй-жайдың болуы | 2 балл – бар;<br>1 балл – жолға алынатын үй-жай. |
| ЖИЫНЫ | балдар сомасы |

3) Бизнес-жобаның даярлық деңгейін бағалау

| **Бағалау өлшемшарттары** | **Балдар** |
|---|---|
| Өткізу нарығының болуы және бизнес-жобаның ұсынылатын нәтижелерін коммерцияландыру мүмкіндігі | 2 балл – қажеттілік пен өнімді нарыққа ілгерілету арналары бар;<br>1 балл – нарықтағы бәсекелестік тұрғысынан қажеттілік деңгейі төмен, ілгерілету арналары тиімсіз;<br>0 балл – жоқ. |
| Білікті мамандар командасының болуы | 2 балл – бар;<br>0 балл – жоқ. |
| Жобаларды жүзеге асыруда тәжірибенің болуы | 2 балл – 3 жылдан артық тәжірибе;<br>1 балл – 3 жылға дейін; |
| Бизнесті әртараптандыру (тәуекелдер (экономикалық, маркетингтік) пайда болған жағдайда жобаны басқа салаға қайта бағдарлау мүмкін бе). | 2 балл – мүмкін;<br>1 балл – минималды инвестициялармен мүмкін;<br>0 балл – мүмкін емес. |

| | |
|---|---|
| Жобаның құны (бизнес-жобаны толықтай аяқтауға меншікті және тартылған капиталдың жеткіліктілігі, салыстырмалы талдау жүргізу) | 2 балл – жеткілікті, көрнекі салыстырмалы талдау бар; 1 балл – жоба қосымша қаражат тартуды талап етеді, бұл ретте бизнес-жобада тартудың әдістері мен көздері ашып көрсетіледі. |
| ЖИЫНЫ | балдар сомасы |

4) Жобаның экономикалық орындылығын бағалау

| **Бағалау өлшемшарттары** | **Балдар** |
|---|---|
| Жұмыс орындарын құру | 2 балл – жоба жұмыс орындарының жеткілікті санын құруды білдіреді; 1 балл – белгіленген жұмыс орындарының мәлімделген жеткілікті санын құра алмау тәуекелі бар. |
| Бизнес-жобаның өңір үшін маңыздылығы (іске асыру саласы, әлеуметтік-экономикалық әсердің болуы және т.б.) | 1 – 2 балл – бар / 0 балл – жоқ |
| ЖИЫНЫ | балдар сомасы |

"Бизнестің жол картасы-2025"
бизнесті қолдау мен
дамытудың мемлекеттік
бағдарламасы шеңберінде жаңа
бизнес-идеяларды іске
асыруға мемлекеттік гранттар
беру қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар беру жөніндегі конкурстық комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірме**

| | |
|---|---|
| Өткізу орны | |
| Өткізу күні | |
| Комиссия төрағасы | |
| Қатысқан<br>Комиссия мүшелері | |
| Қатыспаған<br>Комиссия мүшелері | |
| Шақырылғандар | |
| Комиссия хатшысы | |

Комиссия қарады:

| **Р/с №** | **1-мәселенің (жобаның) атауы** |
|---|---|
| 1 | |

Комиссия шешті:

Мына Кәсіпкерге бизнес-жобаны іске асыру үшін мемлекеттік грант беру ұсынылады/ұсынылмайды:

| **Р/с №** | **Кәсіпкердің атауы** | **Бизнес-жобаның атауы (қысқаша сипаттамасы)** | **Бизнес-жобаны іске асыру орны (облыс, қала, аудан)** | **Кәсіпкерді тіркеу орны** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| 1 | | | | |

| Кәсіпкердің жобасын іске асыру жоспарланып отырған өңір экономикасы саласының атауы | Грант сомасы (теңге) | Жұмыс орындарын құру (жоспар, грант ұсынылған жағдайда) |
|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 |
| | | |

| Гранттың нысаналы мақсаты | Кәсіпкердің бизнес-жобасы жинаған қорытынды балл | Жоба бойынша қорытынды |
|---|---|---|
| 9 | 10 | 11 |
| | | |

"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар беру жөніндегі конкурстық комиссия отырысының ____________ облысындағы 20___ жылғы "___"___________ №____ хаттамасы.

Комиссия хатшысы ____________________________

"Бизнестің жол картасы-2025"
бизнесті қолдау мен дамытудың
мемлекеттік бағдарламасы
шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске
асыруға
мемлекеттік гранттар
беру қағидаларына
6-қосымша
Нысан

**Болжамды сұрақтар және жобаны бағалау әдістемесі**

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.10.2020 № 628 қаулысымен.

| **№** | **Жобаны бағалау өлшемшарттары** | **Бағалау** | |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | | **3** |
| | **Бизнес-идеялар аясында** | **Бизнес-инкубациялау шеңберінде индустриялық-инновациялық жобалар** | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **шеңберінде** | |
| 1 | Бизнес-жобаның бәсекеге қабілеттілігі қандай (нарықтық қажеттілікті пысықтау – маркетингтік талдау)?* * Жобаны бағалау өтінімде көрсетілген деректерге негізделуге тиіс | Технологиялық құрауыштың болуы, бизнес-процестің немесе өнімнің жаңалығы | |
| 2 | Сіздің ойыңызша, бизнес-жобаның енгізуге дайындығы қандай (өндірісті іске қосу үшін жобаның дайындық деңгейі) | Индустриялық-инновациялық жобаны іске асыратын команданың жұмыс тәжірибесі мен кәсібилігі | |
| 3 | Жобаны іске асырудың экономикалық пайдасы қандай? | Коммерцияландыру перспективалары, оның ішінде өнімді немесе бизнес-процесті нарыққа жылжыту стратегиясының болуы, нарықтың қажеттілігі мен үлесі | |
| 4 | Осы жоба бойынша өтелу мерзімі жеткілікті ме? | Индустриялық-инновациялық жобаның іске асыруға дайындық деңгейі | |
| 5 | Сіздің ойыңызша, осы жоба бойынша жаңа жұмыс орындары жеткілікті түрде құрылатын болады ма? | Индустриялық-инновациялық жобаның экономикалық орындылығы | |
| 6 | Осы жобаны іске асыру үшін кәсіпкердің жұмыс тәжірибесі жеткілікті ме? | | |
| 7 | Жобаны іске асырудан таза пайда алу тұрақты ма?* * Жобаны іске асыруға маусымдықтың, мереке күндерінің әсеріне байланысты бағаланады. | | |
| 8 | Тәуекелдер туындаған жағдайда (экономикалық, маркетингтік) жобаны басқа салаға қайта бағдарлау мүмкін бе?* * Бағалау кезінде өтінімде көрсетілген деректерді басшылыққа алу, сондай-ақ жобаның бағыттылығына сүйену қажет. | | |
| 9 | Жобаны іске асыру үшін өткізу нарығы бар ма? | | |
| 10 | Бизнес-идеяның жаңалығын бағалаңыз * * - мүгедектер үшін қолданылмайды | | |

Бағалау шкаласы

| Бағалау | Сапасы |
|---|---|
| 5 | Өте жақсы |
| 4 | Жақсы |
| 3 | Қанағаттанарлық |
| 2 | Нашар (қолайлылығы елеусіз жоба) |
| 1 | Өте нашар (жоба экономикалық жағынан тиімсіз) |

"Бизнестің жол картасы-2025"
бизнесті қолдау мен дамытудың
мемлекеттік бағдарламасы
шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды
іске асыруға мемлекеттік
гранттар беру қағидаларына
7-қосымша

Нысан

**"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттардың берілуіне үміткер шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия отырыстарының кестесі**

Күн тәртібі:

"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттардың берілуіне үміткер шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштерін қарау

| Р/с № | Кәсіпкердің тегі аты, әкесінің аты (бар болса) | Бизнес-жобаның атауы (қысқаша сипаттама) | Бизнес-жобаны іске асыру орны | Гранттың сұралған сомасы, теңге | Конкурс комиссиясының өткізілу күні мен уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

"Бизнестің жол картасы-2025"
бизнесті қолдау мен дамытудың
мемлекеттік бағдарламасы
шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды
іске асыруға мемлекеттік
гранттар беру қағидаларына
8-қосымша

Нысан

**Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттардың берілуіне үміткер шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия отырысының № __ ХАТТАМАСЫ**

| | |
|---|---|
| Өткізу күні | 20___ жылғы "___"______________ |
| Комиссия төрағасы | |
| | |
| Комиссия төрағасының орынбасары | |
| | |
| Қатысқан Комиссия мүшелері | |
| | |
| | |

| | |
|---|---|
| | |
| | |
| Қатыспаған Комиссия мүшелері | |
| | |
| | |
| | |
| Шақырылғандар | |
| | |
| | |
| | |
| Комиссия хатшысы | |
| | |

Комиссия қарады:

| Р/с № | Кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Бизнес-жобаның атауы | Бизнес-жобаны іске асыру орны | Сұралған грант сомасы,теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |
| … | … | | | |

______________________жобасын комиссияның қарау нәтижелері

| **Р/с №** | **Конкурстық комиссия мүшесінің тегі аты, әкесінің аты (бар болса)** | **Берілген балдар** | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1-сұрақ** | **2-сұрақ** | **3-сұрақ** | **4-сұрақ** | **5-сұрақ** | **6-сұрақ** | **7-сұрақ** | **8-сұрақ** | **9-сұрақ** | **10-сұрақ** | **ЖИЫНЫ** |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | | | | |
| 10 | | | | | | | | | | | | |

Мемлекеттік грант алу үшін өту балы _________ құрайды

Комиссияның шешімі: _____________ мың теңге сомасына мақұлданды/мақұлданбады

Комиссия мүшелерінің қолдары

| **Р/с №** | **Комиссия мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мәртебесі** | **Цифрлық қолтаңба** |
|---|---|---|
| | Комиссия төрағасы | |
| 1 | | |
| | Комиссия төрағасының орынбасары | |
| 2 | | |
| | Комиссия мүшелері | |
| 3 | | |
| 4 | | |
| 5 | | |
| 6 | | |
| 7 | | |
| 8 | | |
| 9 | | |

Комиссия хатшысы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Электрондық-цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК